



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті Ш өңірлік Постерлер (плакаттар) Конкурсын жариялайды.

Байқау *үш* бағыт бойынша өтеді:

I. Қазақстан жастар көзімен.

II. Менің қалам – болашақтың қаласы.

III. ҚАЕУ - менің университетім.

Конкурсқа қала мен облыс мектептерінің 9-11 сынып оқушылары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері шақырылады. Бір оқу орнынан **бір бағыт бойынша бір қатысушы қабылданады, барлығы үшеуден аспауы керек.**

Плакат (Постер) қазақ және орыс тілдерінде болуы мүмкін.

Конкурстың бекітілген бағдарламасына сәйкес қатысушылар іс-шараға қол жеткізе алады және Қазақстан-Американдық еркін университетінде плакаттар (Постерлер) көрсетеді және өз жобасын қорғайды. Жобаны қорғауға 5 минуттан артық уақыт берілмейді.

Өтінім рәсімдеудің үлгісі

Ш ӨҢІРЛІК ПОСТЕРЛЕР (ПЛАКАТТАР) КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

1. Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, оқу орнының толық атауы, сыныбы (курсы), қай бағытта қатысып жатқаны (I, II, III).

2. Қатысушыны дайындаған мұғалім немесе оқытушы туралы мәліметтер – толық Т.А.Ә.

3. Постердің тақырыбы (мысалы, «Жасыл экономика», «Өскемен – таза қала», «Білім сабақтастығы – ҚАЕУ қырлары» т.б.) **АТАУЛАРДЫ БІЗДІҢ МЫСАЛДАРДАН АЛМАУДЫ СҰРАЙМЫЗ.**

4. Байланыс ақпараты (Конкурсқа қатысушы оқитын немесе жұмыс істейтін оқу орнының пошталық мекенжайы, электрондық поштасы, қатысушының және оның жетекшілерінің телефондары (ағымдағы белсенді нөмірлер).

Бұл өтінім **2024 жылдың 25 қарашасынан кешіктірмей (сағат 15-00-ге дейін) ТЕК tanya_levina@mail.ru** электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

Конкурстың шарттары

Конкурсты ұйымдастырушылар **Постерді** білім беру мақсатында және **көрсетілген бағыттар бойынша** байқауда жарияланған идеяларды білдіру үшін қолданылатын көркем безендірілген плакат деп түсінеді.

Қатысушыларға бір суретте таңдалған бағыттың белгілі немесе жаңа тарихын көрнекі түрде көрсету ұсынылады. Постерді білім беру, туристік, халықаралық немесе мәдени қызметтің бір аспектісінде көрсететін заманауи немесе тарихи кез келген сұрақтар қабылданады.

Постер (компьютер кескіні) тік (портрет пішімі) болуы керек, .jpg, .png немесе .gif ретінде сақталуы керек. Сондай -ақ .pdf пішімі де қабылданады.

Жобаны қорғаудың бағалау өлшемдері мен форматы

Бағалау кезінде қазылар алқасы келесі өлшемдерді ескереді:

- жобаның жалпы логикасы;
- фотосуреттер мен мәтіндердің сапасы;
- автордың өзіндік ерекшелігі,
- байқаудың тақырыбы мен өз атауының тақырыбына сәйкестігі;
- қорғау кезінде – шешендік өнер және өз жобасын қорғау қабілеті (қорғауға 5 минуттан аспайтын уақыт беріледі).

МАҢЫЗДЫ! Конкурсқа қатысу үшін тек өтінім беріледі. Плакатты (Постер) қатысушылар **2024 жылдың 10-11 желтоқсанында** жеке өзі ұсынады. Өткізу уақыты қосымша көрсетіледі.

Конкурс материалдарын қатысушылар бағдарламаға сәйкес конкурс күні көрсетеді. Бағдарлама берілген өтінімдерге сәйкес құрылады.

III Өңірлік Постерлер (плакаттар) Конкурсының қорытындысы бойынша бірінші, екінші және үшінші орындар, сондай-ақ үш бағыттың әрқайсысы бойынша аталымдар белгіленеді. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады. Дипломда жеңімпазды дайындаған жетекші туралы ақпарат болады. Қатысушылар сертификаттармен марапатталады. III Өңірлік Постерлер (плакаттар) Конкурсына қатысу тегін.

Конкурсты ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., М.Горький к-сі, 76, 112 кеңсе. Тел. 8 (7232) 502-941, e-mail, tanya_levina@mail.ru

Электрондық пошта арқылы жіберілген хаттар үшін «Тақырып» жолында **«Постер»** деп белгілеуді сұраймыз.

Ұйымдастыру комитеті материалдар көрсетілген тақырыпқа сәйкес келмесе, қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.